

**Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы және Ямал түбегінде Оңтүстік Тамбей газды конденсат кен орнының сұйылтылған табиғи газды өндіру зауытын салу және пайдалану бойынша жобаны іске асыру мақсатында Ресей Федерациясының аумағына әкелінетін тауарлар тізбесін бекіту туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 2 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 43 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 18-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 7 және 16-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2009 жылғы 27 қарашадағы № 130 шешімінің "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік-тарифтік реттеуі туралы" 7-тармағы мынадай мазмұндағы 7.1.29-тармақшамен толықтырылсын:

"7.1.29. Ямал түбегінде Оңтүстік Тамбей газды конденсат кен орнының сұйылтылған табиғи газды өндіру зауытын салу және пайдалану бойынша жобаны іске асыру мақсатында Ресей Федерациясының аумағына әкелінетін Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 2 шешімімен бекітілген тізбеге енгізілген тауарлар.

Көрсетілген тарифтік жеңілдік Ресей Федерациясының кеден органдарына Ресей Федерациясының уәкілетті мемлекеттік органы берген және осындай тауарлардың номенклатурасы, саны, құны туралы, сондай-ақ оларды әкелуді жүзеге асыратын ұйымдар туралы мәліметтерді қамтитын әкелінетін тауарлардың мақсатты тағайындалуын растау ұсынылған жағдайда беріледі."

2. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 15 шілдедегі № 728 шешімімен бекітілген Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына тауарлардың жекелеген санаттарын әкелу кезінде кедендік баждарды төлеуден босатуды қолдану тәртібінің 15-тармағында "7.1.28" цифрлары "7.1.29" цифрларымен ауыстырылсын.

3. Қоса беріліп отырған Ямал түбегінде Оңтүстік Тамбей газды конденсат кен орнының сұйылтылған табиғи газды өндіру зауытын салу және пайдалану бойынша жобаны іске асыру мақсатында Ресей Федерациясының аумағына әкелінетін тауарлар тізбесі бекітілсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарда қолданылады.

#### Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

|                        |                        |                        |                        |                       |
|------------------------|------------------------|------------------------|------------------------|-----------------------|
| <i>Армения</i>         | <i>Беларусь</i>        | <i>Қазақстан</i>       | <i>Қырғыз</i>          | <i>Ресей</i>          |
| <i>Республикасынан</i> | <i>Республикасынан</i> | <i>Республикасынан</i> | <i>Республикасынан</i> | <i>Федерациясынан</i> |
| <i>В. Габриелян</i>    | <i>В. Матюшевский</i>  | <i>А. Мамин</i>        | <i>С. Муканбетов</i>   | <i>И. Шувалов</i>     |

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Кеңесінің  
2018 жылғы 16 ақпандағы  
№ 2 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

#### Ямал түбегінде Оңтүстік Тамбей газды конденсат кен орнының сұйылтылған табиғи газды өндіру зауытын салу және пайдалану бойынша жобаны іске асыру мақсатында Ресей Федерациясының аумағына әкелінетін тауарлар ТІЗБЕСІ

| ЕАЭО СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3917             | Пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, шлангілер және олардың фитингтері (мысалы, қосылыстар, иіндер, фланцтер)                                                                                                                                                                         |
| 3920             | Кеуекті емес және арқауланбаған, қабат-қабат емес, төсенішсіз және басқа материалдармен (фонизол дыбыс жұтқыш поливинилхлоридті материал) ұқсас әдіспен қосылмаған пластмассадан жасалған тақтайлар, табақтар, пленкалар, белдіктер немесе таспалар, өзгелері                               |
| 3921             | Пластмассадан жасалған өзге де тақтайлар, табақтар, пленкалар және белдіктер немесе таспалар                                                                                                                                                                                                |
| 3925             | Пластмассадан жасалған, басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген құрылыс бөлшектері (резервуарлар, цистерналар, бактар, фитингілер, бекіткіш бөлшектер, электр шынжырларына арналған магистралдық, арналық және кабельдік ойылымдар)                                                       |
| 3926             | Пластмассадан жасалған басқа бұйымдар және 3901 – 3914 тауар позицияларының материалдарынан жасалған өзге де бұйымдар (дренаж жүйесінің кіреберістеріндегі суды сүзгіден өткізуге арналған перфорирленген ыдыстар, мембрананы қоса алғанда фильтрэлементтер, табиғи газға арналған ыдыстар) |
|                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4006 | Құбырлар және фасондық профильдер, дискілер мен вулканизацияланбаған резеңкеден жасалған сақиналар                                                                                                                                                                                |
| 4008 | Қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған пластиналар, табақтар, белдіктер немесе таспалар, шыбықтар және фасондық профильдер                                                                                                                                |
| 4009 | Қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған құбырлар, түтіктер және шлангілер                                                                                                                                                                                  |
| 4016 | Қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған өзге бұйымдар                                                                                                                                                                                                      |
| 4202 | Аспаптарға, жұмыс құралдарына арналған футлярлар, кофралар                                                                                                                                                                                                                        |
| 4823 | Қағаз массасынан, қағаздан, картоннан, целлюлоза мақтасынан жасалған немесе целлюлоза талшықтарынан жасалған жайма қағаздан жасалған төсемдер, шайбалар, өзге де тығыздағыш бөлшектер                                                                                             |
| 5909 | Астары бар тоқыма шлангілер және ұқсас тоқыма түтіктер                                                                                                                                                                                                                            |
| 5911 | Елек мата, сүзгіш маталар                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 6806 | Жылытқыштар: минералдық силикатты мақта және ұқсас минералды мақталар; қатпарланған вермикулит, ісінген балшықтар, көбікті қож бен ұқсас ісіңкі минералдық өнімдер; жылуоқшаулағыш , дыбысоқшаулағыш немесе дыбыс жұтқыш минералдық материалдардан жасалған қосапалр мен бұйымдар |
| 6812 | Нығыздалған асбесттен жасалған тығыздағыш материал                                                                                                                                                                                                                                |
| 6815 | Минералдық заттардан жасалған бұйымдар (көміртегі талшықтарын, көміртегі талшықтарынан жасалған бұйымдарды қоса алғанда)                                                                                                                                                          |
| 6909 | Зертханалық, химиялық немесе басқа да техникалық мақсаттарға арналған қыш бұйымдар; қыш науалар, кеспектер және ауыл шаруашылығында пайдаланылатын ұқсас резервуарлар; қыш құмыралар, ыдыстар және тауарларды тасымалдау немесе буып-түю үшін пайдаланылатын ұқсас бұйымдар       |
| 7016 | Блоктағы көбікті шыны                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 7019 | Шыны талшық (шынымақтаны қоса алғанда) және одан жасалған бұйымдар (мысалы, мата)                                                                                                                                                                                                 |
| 7209 | Ені 600 мм немесе одан артық, суықтау басылған (суық күйінде қысылған), жалатылмаған, гальванды немесе басқа да қаптамаларсыз, темірден немесе легирленбеген болаттан жасалған тегіс илек                                                                                         |
|      | Ені 600 мм немесе одан артық, жалатылған, гальванды немесе басқа да қаптамалары бар,                                                                                                                                                                                              |

|         |                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 7210    | темірден немесе легирленбеген болаттан жасалған тегіс илек                                                                                                                                                                                                                         |
| 7211    | Ені 600 мм-ден кем, жалатылмаған, гальванды немесе басқа да қаптамаларсыз, темірден немесе легирленбеген болаттан жасалған тегіс илек (болат таспалар)                                                                                                                             |
| 7217    | Темірден немесе легирленбеген болаттан жасалған сым (болат сым)                                                                                                                                                                                                                    |
| 7219    | Ені 600 мм немесе одан артық, коррозияға төзімді болаттан жасалған тегіс илек (тот баспайтын болаттан жасалған профтабақтар)                                                                                                                                                       |
| 7220    | Ені 600 мм кем, коррозияға төзімді болаттан жасалған тегіс илек                                                                                                                                                                                                                    |
| 7222    | Коррозияға төзімді болаттан жасалған өзге шыбықтар; коррозияға төзімді болаттан жасалған бұрыштар, фасондық және арнайы профильдер (тот баспайтын болаттан жасалған балкалар)                                                                                                      |
| 7223    | Коррозияға төзімді болаттан жасалған сым                                                                                                                                                                                                                                           |
| 7225    | Ені 600 мм немесе одан артық, легирленген болаттың басқа түрлерінен жасалған тегіс илек (құрамында 9% никель бар болат жайма)                                                                                                                                                      |
| 7228    | Легирленген болаттың басқа түрлерінен жасалған өзге де шыбықтар; легирленген болаттың басқа да түрлерінен жасалған бұрыштар, фасондық және арнайы профильдер; легирленген немесе легирленбеген болаттан жасалған бұрғылау жұмыстарына арналған қуыс шыбықтар (криогендік арматура) |
| 7303 00 | Шойынды құймадан жасалған құбырлар, түтіктеп және қуыс профильдер                                                                                                                                                                                                                  |
| 7304    | Жіксіз, қара металдардан жасалған құбырлар, түтіктер және қуыс профильдер (шойынды құймадан басқа)                                                                                                                                                                                 |
| 7305    | Дөңгелек қималы, сыртқы диаметрі 406,4 мм-ден артық, қара металдардан жасалған құбырлар және өзге де түтіктер (мысалы, дәнекерленген, шегеленген немесе ұқсас тәсілмен біріктірілген)                                                                                              |
| 7306    | Қара металдардан жасалған өзге де құбырлар, түтіктер және қуыс профильдер (мысалы, жігі ашық немесе дәнекерленген, шегеленген немесе ұқсас тәсілмен біріктірілген)                                                                                                                 |
| 7307    | Қара металдардан жасалған құбырларға немесе түтіктерге арналған фитингтер (мысалы, қосылыстар, иінден, имектер)                                                                                                                                                                    |
|         | Қара металдардан жасалған металл конструкциялары (9406 тауар позициясындағы құрастырылатын құрылыс конструкцияларынан басқа) және олардың бөліктері (мысалы, көпірлер мен олардың бөліктері, шлюз қақпалары, мұнаралар, торланған дінгектер, шатырға арналған арқалықтар,          |

|             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 7308        | құрылыс фермалары, есіктер мен терезелер және олардың рамалары, есіктерге арналған табалдырықтар, жалюздар, балюстрада­лар, тіреуіштер және колонналар); қара металдардан жасалған, металл конструкцияларында пайдалануға арналған табактар, шыбықтар, фасондық профильдер, құбырлар және ұқсас бұйымдар                |
| 7309        | Қара металдардан жасалған, сыйымдылығы 300 л-ден астам, қаптамасы немесе жылу оқшаулағышы бар немесе оларсыз, бірақ механикалық немесе жылу техникалық жабдықсыз кез келген заттарға (сығылған немесе сұйылтылған газдан басқа) арналған резервуарлар, цистерналар, бактар және ұқсас ыдыстар                           |
| 7310        | Қара металдардан жасалған, сыйымдылығы 300 л-ден астам, қаптамасы немесе жылу оқшаулағышы бар немесе оларсыз, бірақ механикалық немесе жылу техникалық жабдықтарсыз, кез келген заттарға (сығылған немесе сұйылтылған газдан басқа) арналған цистерналар, күбілер, барабандар, канистралар, жәшіктер және ұқсас ыдыстар |
| 7311 00     | Қара металдардан жасалған, сығылған немесе сұйылтылған газға арналған ыдыстар                                                                                                                                                                                                                                           |
| 7314        | Қара металдардан жасалған керегеторлар, торлар; қара металдардан жасалған ыдыратып сорып алатын табактар                                                                                                                                                                                                                |
| 7315        | Қара металдардан жасалған шынжырлар, олардың бөліктері                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 7317 00     | Жылуды оқшаулауға арналған қысқыштар                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 7318        | Қара металдардан жасалған бұрамалар, бұрандамалар, сомындар, глухарлар, бұрама ілмектер, тойтарма шегелер, сыналар, шплинттер, шайбалар (серіппелілерді қоса алғанда) және ұқсас бұйымдар (кіргізетін бөлшектерге арналған болат түйреуіштер)                                                                           |
| 7320        | Қара металдардан жасалған серіппелер, рессорлар және оларға арналған табактар                                                                                                                                                                                                                                           |
| 7322        | Қара металдардан жасалған электрлік емес қыздырумен орталық жылытуға арналған радиаторлар, электрлік емес қыздырғышы бар, орнатылған желдеткішпен жабдықталған ауа қыздырғыштары және бөліп тарату құрылғылары                                                                                                          |
| 7325        | Қара металдардан жасалған өзге де құйма бұйымдар                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 7326        | Қара металдардан жасалған өзге де бұйымдар                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 7411        | Мыс құбырлар және түтіктер                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 7412        | Құбырларға немесе түтіктерге арналған мыс фитингтер (мысалы, жалғастырғыштар, иіндер, фланцтар)                                                                                                                                                                                                                         |
| 7413 00 000 | Мыстан жасалған иірілген сым, тростар, өрме баулар және ұқсас бұйымдар                                                                                                                                                                                                                                                  |

|               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|---------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 7415          | Мыстан жасалған шегелер, түймешелер, кедер-бұдырлы шегелер, қапсырмалар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 7419          | Мыстан жасалған өзге де бұйымдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 7507          | Никельді құбырлар, түтіктер және оларған арналған фитингтер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 7508          | Никельден жасалған өзге де бұйымдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 7604          | Алюминий шыбықтары мен профильдері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 7605          | Алюминий сым                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 7606          | Ені 0,2 мм-ден астам алюминийден жасалған плиталар, табақтар немесе таспалар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 7608          | Алюминий құбырлар мен түтіктер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 7609 00 000 0 | Алюминий құбырларға немесе түтіктерге арналған фитингтер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 7610          | Алюминий металл құрылымдары (9406 тауар позициясындағы құрастырылатын құрылыс металл құрылымдарынан басқа) және олардың бөліктері (мысалы, көпірлер және олардың бөліктері, мұнаралар, керегеторлы діңгектер, шатырларға арналған аражабындар, құрылыс фермалар, есіктер, терезелер және олардың жақтаулары, есіктерге арналған табалдырықтар, балюстрада-лар, тіректер және колонналар); металл құрылымдарда пайдалануға арналған алюминийден жасалған табақтар, шыбықтар, профильдер, құбырлар және ұқсас бұйымдар |
| 7611 00 000 0 | Резервуарлар, цистерналар, бактар және алюминийден жасалған ұқсас ыдыстар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 7612          | Алюминийден жасалған күбілер, барабандар, жәшіктер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 7613 00 000 0 | Сығылған немесе сұйылтылған газға арналған алюминий ыдыстар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 7614          | Алюминийден жасалған иірілген сым, тростар, өрме баулар, ұқсас бұйымдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 7616          | Алюминийден жасалған өзге де бұйымдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 7904 00 000 0 | Мырыш шыбықтар, профильдер және сымдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 7905 00 000 0 | Мырыш плиталар, табақтар немесе таспалар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 7907 00 000   | Мырыштан жасалған өзге де бұйымдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 8205          | Бас жерде аталмаған немесе енгізілмеген қол аспаптары (алмас әйнек кескіштерді қоса алғанда); дәнекеллеу лампалары; станоктардың немесе суағынды кесу машиналарының керек-жарақтары мен бөлшектерінен басқа, басқыштар, қысқыштар және ұқсас бұйымдар; төстер; тасымалданатын көріктер; қол немесе аяқ жетектері бар, тірек конструкциялары бар ажарлауыш шарықтар                                                                                                                                                   |
|               | Металды созып шыңдау немесе сығып шығаруға арналған сүзгіштерді, тастақты жыныстарды немесе топырақты бұрғылау аспабын қоса алғанда,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |

|         |                                                                                                                                                                                                                                                            |
|---------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 8207    | механикалық жетегі бар немесе жоқ қол аспаптарына немесе станоктарға арналған (мысалы, сығымдауға, штамптауға, шабуға, бұрданы кесуге, бұрғылауға, қашауға, тартуға, фрезерлеуге, токарлық өңдеуге немесе бұрап кіргізуге арналған) ауыспалы қол аспаптары |
| 8208    | Машиналарға немесе механикалық құрал-жабдықтарға арналған пышақтар мен кесетін тілгіштер                                                                                                                                                                   |
| 8301    | Құбыр жолы арматурасын бұғаттауыштар                                                                                                                                                                                                                       |
| 8302    | Бағалы емес металдардан жасалған бекіту арматурасы, фурнитура және ұқсас бұйымдар                                                                                                                                                                          |
| 8303 00 | Сактау жүйелерінің жарылыс-өрттен қорғалған металл шкафтары                                                                                                                                                                                                |
| 8307    | Бағалы емес металдардан жасалған, фитингі бар немесе жоқ иілгіш құбырлар                                                                                                                                                                                   |
| 8402    | Бу қазандары немесе басқа да бу өндіретін қазандар (төмен қысымдағы бу өндіруге де қабілетті орталық жылу жүйесінің су қазандарынан басқа); қыздырылған су қазандары                                                                                       |
| 8405    | Газ генераторлары немесе тазалау қондырғылары бар немесе оларсыз сулы газ генераторлары; ацетилендік газ генераторлары және тазалау қондырғылары бар немесе оларсыз ұқсас газ генераторлары                                                                |
| 8407    | Айналмалы немесе қайталап түсетін қозғалысты піспегі бар, ұшқындап от алатын іштен жану қозғалтқыштары                                                                                                                                                     |
